

"Курчатов қаласында жануарларды ұстау, ит пен мысықтарды серуендету қағидалары туралы" 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 7/58-IV шешімге өзгертулер енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қалалық мәслихатының 2009 жылғы 23 сәуірдегі N 18/137-IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Курчатов қаласындағы Әділет басқармасында 2009 жылғы 8 мамырда N 5-3-74 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қалалық мәслихатының 2012 жылғы 16 шілдедегі N 6/45-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қалалық мәслихатының 2012.07.16 N 6/45-V шешімімен.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы № 155 Кодексінің 3 бабы 2 тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6 бабы 1 тармағы 8) тармақшасына сәйкес Курчатов қалалық мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. «Курчатов қаласында жануарларды ұстау, ит пен мысықтарды серуендету қағидалары туралы» 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 7/58-IV шешімге мынадай өзгертулер енгізілсін:

1) шешімнің тақырыбындағы «жануарларды, серуендету» сөздері алынып т а с т а л с ы н ;

2) осы аталған шешімде қабылданған Курчатов қаласында ит пен мысықтарды ұстау қағидалары кіріспесінде «жануарларды, серуендету» сөздері а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

3) «Жалпы ережелер» атты 1 бөлімде: 1 тармақтағы «жануарларды, серуендету» сөздері алынып тасталсын; 3 тармақ алынып тасталсын;

4) «Жануарларды ұстау» атты 3 бөлімде: 6 тармақтағы 5) және 6) тармақшалар алынып тасталсын;

5) «Жануарларды серуендету тәртіптері» атты 4 бөлімде: 7 тармақтағы 1) тармақшадағы «тек» сөзі алынып тасталсын; 8 тармақтағы: 2) тармақша мен 8) тармақша алынып тасталсын;

6) «Жануарлар иелерінің міндеттері» атты 6 бөлімде:

1 2 тармақтағы :
2) тармақша алынып тасталсын;
3) тармақшадағы «міндетті түрде» сөздері алынып тасталсын;
7) «Қағидаларды бұзғаны үшін жануарлар иелерінің жауапкершілігі» атты 8
б ө л і м д е :

1 7 тармақтағы :
«311, 387 баптарына сәйкес» сөздері мынадай редакцияда «311 бабына сәйкес
» ж а з ы л с ы н ;

1 9 тармақтағы :
«1997 жылғы 16 шілдедегі № 167 Қазақстан Республикасы Қылмыстық
Кодексінің 276 бабына сәйкес» сөздері мынадай редакцияда «Қазақстан
Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес» жазылсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен
с о ң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

*Сессия төрағасы, Курчатов қалалық
мәслихатының хатшысы Ш. ТӨЛЕУТАЕВ*